

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1. Үзіндіде берілген Бекежан бейнесіне тән нұсқа
*Жол тосып, Қособада жатып алдым,
Біреуді мергендікпен атып алдым.
Өзім батыр болған соң, кімді аяйын?
Өлтіріп Төлегенді, атын алдым.*
А) қорқақ
В) бірбеткей
С) залым
D) ақылды
2. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Байжан бейнесі
А) Алдында жүз жылқы, үш жүз қойы бар бай
В) Жанашыр, Жамалға болысқан жан
С) Трагедияны тудырушы қатал бай
D) Ғалиды паналатқан мейірімді жан
3. «Қасқакөл дауында» Орманбет бидің шешімін өзгертуінің себебі
А) Халықтың ақылы
В) Анасының сөзі
С) Төле бидің батасы
D) Билердің жолдаған сәлемі
4. Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанындағы кейіпкерлер жүйесі
А) Бұғыбай, Науан, Толыбай
В) Шоқан, Шыңғыс төре, Абылай
С) Қанай, Кәрібоз, Кенесары
D) Есімбек, Әбдірахман, Айнабай
5. Б.Майлин «Шұғаның белгісі» шығармасындағы пролог
А) Екі жолаушының әңгіме бастауы
В) Әбдірахманды дуанға алып кетуі
С) Әбдірахманның Шұға аулына келуі
D) Әбдірахманның Шұғаға хат жазуы
6. «Батыр Баян» поэмасындағы Баян мен «Нарынқұм зауалы» балладасындағы әке үкімінің қатал болуына себеп болған жағдай
А) әкенің қатыгездігі
В) ашумен шығарылған үкім
С) әке абыройының төгілуі
D) ел намысы, ер намысы

7. Ж.Аймауытов «Ақбілек» романының кейіпкерлері берілген қатар
- A) Сәмен, Ажар
 - B) Керімбай, Демежан
 - C) Бекболат, Мұқаш
 - D) Шұғыла, Төкен
8. Ф.Оңғарсынованың өлеңінен алынған үзінді
- A) Өлең менің сырласымдай, Сырлассамда құмарым жүр басылмай
 - B) Өлең деген – құдірет қой шынында. Талант керек кейде оны ұғуға.
 - C) Өлең менің бар тынысым, Жақсы сөзім жаны игі халқым үшін.
 - D) О баста көріскенің үшін, Өлең, мен сені аялап өтем!
9. А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесінде «Я не могу, Ваше благородие, я живу на их земле» деп офицердің бұйрығын орындаудан бас тартатын кейіпкер
- A) Голоножкин
 - B) Крейгель
 - C) Черняев
 - D) Иноземцев
10. М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында Батыр Баянға тән қасиет
- A) бауырмалдық
 - B) жомарттық
 - C) намысқойлық
 - D) кеңпейілдік
11. *Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап
Алтын шапбау шашында...* Үзіндіде сипатталған лиро-эпостық жырдың кейіпкері
- A) Баян сұлу
 - B) Тоғжан
 - C) Қыз Жібек
 - D) Еңлік
12. Жамбылдың «Июнь жарлығы» («Зілді бұйрық») өлеңіне арқау болған негізгі мәселе
- A) Қоныстың тарылуы
 - B) Атамекеннен қуылу
 - C) Майданға қара жұмысқа алыну
 - D) Отаршылдыққа қарсы күрес
13. М.Мөңкеұлының «Сарыарқа» өлеңіндегі ұлттық мүдде
- A) Ана тілі
 - B) Жер тағдыры
 - C) Салт-дәстүр
 - D) Ұлттық тәрбие

14. М.Өтемісұлының «Мен, мен едім, мен едім» өлеңінен алынған үзіндідегі көркемдік тәсіл
*Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда
Еріксіз кірсем деп едім...*
А) әдепкі қайталау
В) анафора
С) эпифора
D) еспе қайталау
15. «...Әңгіменің қызығына түскен соң қара кер бесті қамшыдан құтылып, жолы болып келе жатыр еді. Бір-екі тебініп, шаужайлап қатарласты. Алдымыздағы белеске шыққанда үлкен көлдің аңғары көрініп, құбыла жағында бір обашық мұнарланды.
– Әне, -деді жолдасым, – әне, Шұғаның белгісі көрінді...Әй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!-деп қойды». Шығарма үзіндісі сай келетін композиция бөлігі
А) Басталуы
В) Пролог
С) Дамуы
D) Шарықтау шегі
16. «Шынында да, мына мұнара оның бетіне шіркеу болған тәрізді. Бұның осы бұншама бүгежесімен қалғаны несі? Қаниша дегенмен жалпақ жаһанды қалтыратқан қаһарлы хан аты бар емес пе?»
Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романынан берілген үзіндіде кім туралы айтылады?
А) Әмірші
В) Бас уәзір
С) Ахмет
D) Жаппар
17. Т.Әбдіков «Қонақтар» әңгімесіндегі ұлттық құндылық
А) қара шаңыраққа ие болу
В) салт-дәстүрді ұстану
С) ұлттық киім үлгісін сақтау
D) ата кәсібін жалғастыру
18. Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесінің А.Платоновтың «Құмдағы мұғалім» әңгімесімен үндестігі
А) өкімет мектебі қызметін ұйымдастырушы
В) мұғалімнің сабақты өткізу шеберлігі
С) ауылға алғаш мектеп ашқан ұстаз бейнесі
D) қазіргі қоғамдағы мұғалімнің беделі

19. Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңінде ақын бейнесін танытатын образ
- A) драмалық образ
 - B) реалистік образ
 - C) лирикалық образ
 - D) романтикалық образ
20. «Батыр Баян» поэмасының шешімі
- A) «Ноянның қалмақ қызымен елден қашуы»
 - B) «Батыр Баянның соғысқа қатысуы»
 - C) «Ноянның қалмақ қызына ғашық болуы»
 - D) «Батыр Баянның өлім құшуы»

Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

...Естемес аз уақыт үн шығармай іштей ыңылдап, толқып келе жатты. Кенет атының шылбырын Оразымбетке тастай беріп, қолын кейін созып, қызыл қоржындағы домбырасын суырып алды.

Естемес домбыраның құлағын бұрап күйге келтіріп алып, машықты әуенмен қағып-қағып жіберді. Епті ұзын саусақтар пернені жоғарыдан төмен бірнеше қайтара жүгіріп өтті. Бірақ мұның бәрі жаттанды сарын еді. Аздан кейін күйші қолы күрмеліп қалғандай бір пернені басып, жалғыз ішекті шерте берді. Белгісіз тың әуен дүниесінің табалдырығынан аттап өте алмай, қиналған түрі бар. Оразымбет те демін ішіне тартып, ұстазының дидарына ынтыға қарап қалған; жаңа бір күй сарайының есігін ашқанша асыққан сабырсыздық бар өңінде. Ат жалына еңкейіңкіреп барып Естемес ырғалып, кеудесін көтере беріп, тың күйді бастап кетті. Майда ырғақты, жұмсақ әуен бояуы оңып кеткен шүберектей күзгі қуқыл даланың үстінде қалықтай берді. Сәл бәсеңдеп барып домбыраның кеудесінен екі-үш ырғалып, әрең суырылып көтерілді де, ар жағы мұнды сазға, майда ырғаққа ауысты. Көңілі жүдеу бишараны жұмсақ алақанымен маңайдан сипап, алыстағы бір болмашы үмітті нұсқағандай елес береді. Күй шым-шымдап ішке кіріп, көңілді босатып, қабақ астында қатып қалған жасты жібітіп, енді бір кез майда рахат самалымен желпіп сергіткендей болады.

Оразымбет тарамыс денелі, қатқыл өңді, егде кісіден дәл осындай жүрек қылын шертетін нәзік күй шығады деп ойламап еді. Ол ұстазының бетіне қарап, оны жаңа көргендей болды. Терең әжімді, ашаң жүзіне жастық балғын нұр жүгіріп, кішілеу өткір көзі дымқыл тартып, Естемес балқып тұр екен. Салалы ұзын саусағы буынсыз болып кеткендей, жібектей майысып, жыпылдап барады. Жаңағы бір сезімтал майда әуенді қайталап келіп, енді көтеріле бергенде, өрге шыға алмағандай тайғанақтап, күй сазы қайта шегінді. Тағы да бір-екі рет талпынып барып, булығып қалды. Естемес ыза болғандай домбыраны қатты бір қақты да, бұрылып артындағы қоржынға салып қойды.

Т.Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесінен

21. Үзіндідегі көркемдегіш құрал

Оразымбет тарамыс денелі, қатқыл өңді, егде кісіден дәл осындай жүрек қылын шертетін нәзік күй шығады деп ойламап еді.

- A) метафора
- B) эпитет
- C) қайталау
- D) сиекдоха

22. Мәтіннің негізгі идеясы
- A) үлкенді сыйлау
 - B) өнер құдіретіне бас ию
 - C) күйшілерді құрметтеу
 - D) домбыраны қадірлеу
23. Мәтіндегі күйшіге сәйкес нұсқа
- A) қажыған адам
 - B) еңбекқор адам
 - C) жас адам
 - D) егде адам
24. Автордың Естемес іс-әрекетін сипаттаудағы басты идеясы
- A) күйшінің іс-әрекетіндегі ерекшелікті жеткізу
 - B) күйшінің домбыра шерту ерекшелігін жеткізу
 - C) күйшінің ерекше қабілеті мен сезімін жеткізу
 - D) күйшінің жас ерекшелігін таныту
25. Күй орындау кезінде Естемес бойындағы өзгеріс
- A) бойында бір діріл пайда болды
 - B) шәкіртіне таңдана қарады
 - C) өңі қуарып аппақ болып кетті
 - D) жүзіне жастық балғын нұр жүгірді

Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.

26. «Қыз Жібек» жырында суреттелетін оқиға(-лар)
- A) Қазақ халқының көшпелі тіршілігіндегі сән-салтанат
 - B) Қазақ қыздарының бойындағы өнерін сипаттау
 - C) Қазақ-қытай арасындағы сауда кәсібінің көрінісі
 - D) Хорен қалмақтан құтылудың жолын іздеу
 - E) Қазақ халқының әмеңгерлік салтының ұсталуы
 - F) Саятшылық өнердің жоғары бағалануы
27. Берілген үзінділердегі тура мінездеу(-лер)
- A) Атырабындағы ауылдың қыздары тамам келіп, Жамал да әзір болды.
 - B) Дүйсебектің баласы... еті тірі жігіт, қысы-жазы оқу оқиды, кәсіп қылады.
 - C) Сырттан салыстырғанда бұл үйдегі... қыздардың абзалы – Жамал болып көрінді.
 - D) Атасы бай адам болса да, Ғали инабатты жігіт еді.
 - E) Жұман күйеу аз күнде ұрын келіп, қалыңдық ойнайды.
 - F) «Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс» дегендей...
28. Ш.Құдайбердіұлының көлемді поэмалық шығармалары
- A) «Еңлік-Кебек»
 - B) «Хұсырау-Шырын»
 - C) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»
 - D) «Қыз Жібек»
 - E) «Қалқаман-Мамыр»
 - F) «Ләйлі- Мәжнүн»
29. Мен ақ сұңқар құстың сойымын,
Шамдансам, тақсыр, кетермін,
Кетпей де нешік етермін?!
Махамбет толғауының осы үзіндісіндегі көркемдік тәсіл(-дер)
- A) эпилог
 - B) теңеу
 - C) аллитерация
 - D) риторикалық сұрау
 - E) ассонанс
 - F) метафора
30. Т.Айбергеновтің өлеңдеріне жазылған ән(-дер)
- A) «Өлең, мен сені аялап өтем»
 - B) «Аққайындар»
 - C) «Сені ойладым»
 - D) «Мазасыз шақ»
 - E) «Ақ ерке, Ақжайық»
 - F) «Асау толқын»

31. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында *«Жазасы – шаригат жолы. Шаригат не бұйырса, сол болады. Мұндай сұмдыққа қазақ айтқан жол жоқ»* деген Құнанбайдың үкімі кім(-дер)ге қатысты?
- A) Бөжей
 - B) Сүйіндік
 - C) Қодар
 - D) Байсал
 - E) Кебек
 - F) Қамқа
32. Абайдың «Отыз екінші» қара сөзіндегі білім-ғылымды үйрену үшін қойылатын талап(-тар)
- A) Білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықт нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек.
 - B) Орынды іске күшінді аятпайды, орынсыз жерге қолыңды босатпайды.
 - C) Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды.
 - D) Әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма!
 - E) Менсіз өздері неге жарайды?
 - F) Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.
33. Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повестінен берілген үзіндінің қазіргі күнгі өзекті мәселелермен үндестігі
- Дүйсеннің қандай мұғалім болғанын қазіргі жастар білмейді. Ол мұғалім болып жүріп білімім аз деп өкінетін. Онысы рас та еді. Бірақ кейбір қазіргі жоғарғы білімді, мәдениетті мұғалімдер Дүйсен сияқты өз мамандығын сүйіп, жүрек отымен соған берілсе, тамаша болар еді.*
- A) қоршаған ортаны қорғау
 - B) аймақ дәстүрін сақтау
 - C) білімнің әрқашан қажеттігі
 - D) мемлекет тарихын білу
 - E) ешкімге қиянат жасамау
 - F) мамандығыңды жақсы көру
34. Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңінде автордың жеткізбек ойы(-лары)
- A) Жас ұрпақты білімге үндеу
 - B) Жастарды еңбек етуге шақыру
 - C) Өмірінің өтіп жатқандығына өкіну
 - D) Өткенін таразылап, болашаққа үміт арту
 - E) Өз өмірін ой елегінен өткізу
 - F) Өнер-білімді насихаттау

35. М.Жұмбаевтың «Батыр Баян» дастанының тақырыбына тән нұсқа(-лар)

- A) сұлулықтың символы
- B) көшпенділер тарихы
- C) қазақи рух пен борыш
- D) сатқындықты көрсету
- E) достыққа адал болу
- F) ел намысын қорғау